

20. Қор 1, Тізімдеме 1, іс.225.
21. Қор 1, Тізімдеме 1, іс.241.
22. Қор 1, Тізімдеме 1, іс.286.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЕЙ ІСІ (НҰР - СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МУЗЕЙЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮЛГІСІНДЕ)

Кыдыралина Н.Н., магистрант
(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Амрина М.С.**)
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

XX ғасырдың басында Алаш идеясын алға тартқан ұлт зиялыларының басты мақсаты тәуелсіздікке қол жеткізіп, халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетті көтеру арқылы егемендікке қол жеткізу. Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «...өз дербестігімізді сақтап қалу үшін біз оқу-ағартуға және жалпы мәдениетке барлық күш-жігеріміз бен амал-айламызды салып ұмтылуымыз қажет» – екендігін айтты [1,141б]. 1991 жылы тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, тарихымызды жаңа көзқараспен зерделеуге бағыт алдық.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды», деп атап көрсетті [2]. Бүгінде халқымыздың бай тарихи құндылықтарын насихаттайтын, ұлттық мәдениеттің сақтаушысы ретінде музейлердің орны ерекше. Музейлер – біздің жадымыз, тарихымыз, өткеніміздің шежіресі, талай ғасырлар бойы сақталып келе жатқан құндылықтарымыздың қазынасы. 1996 жылы 24 желтоқсанда бекітілген ҚР Мәдениет туралы заңында «Музей - Қазақстан Республикасында мәдениетті жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды», деп көрсетілген. 5 тараудың 19 бабында көрсетілген мәдениет ұйымдарының тізімінде 7 объектінің бірі - музей. Музейдің басты қызметі – музей заттары мен музей коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету, мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын кеңінен танытуды қамтамасыз етуге бағытталған [3].

Кеңес өкіметі 1918-1928 жылдары музейлердің қызметін реттейтін декреттер қабылдап, олар музейлердің жұмысын басқарудың мемлекеттік жүйесін тұжырымдады. 1948 жылы республикалық, облыстық, өлкелік музейлердің қызметіне қатысты ережеде: «Республикалық, өлкелік, облыстық музейлер мемлекеттің құзыретінде ғылыми-зерттеушілік, мәдени-ағартушылық мекеме, олар өлке тарихы туралы материал жинақтап, жұмысшыларға коммунистік тәрбие бере отырып, оларды шаруашылық-саяси міндеттерді орындауға бағыттаушы болуы керек» деп жазылған [4]. 1964 жылы КОКП ОК қабылданған жарлығында «музейлер» коммунистік партияның саяси-идеологиялық жұмысын насихаттауда басты құралдарының бірі болғандығын аңғартады. Музейге келушілермен ғылыми-ағартушылық бағытта жұмыстар жүргізіліп, мемлекеттің идеологиялық саясатын жүзеге асырушы құралы болды. Кеңес мемлекетінің ыдырауы, музейлер қызметіне қатысты концептуалды модельдер де өзгеріске ұшыра бастады. 1990-шы жылдардан бастап музейге қатысты «мәдени-ағартушылық қызмет» сөз тіркесі жиі қолданылып, келушілердің ішкі рухани сұранысына толықтай жауап бере алатын тепе-тең диалог құрайтын сұхбаттасушысына айналды. Музей әлеуметтік-мәдени институт ретінде қоғам өмірінің белсенді элементі қызметін атқара бастады [5].

Музейлердің қалыптасу концепциясын зерделеген кезеңде ол ғылыми-зерттеу, білім беру, тәрбиелік, мәдени-ағартушылық және тағы да басқа әлеуметтік қызметтерді қамтиды. Атқаратын қызметінің диагностикалық белгілерін анықтай отырып, оның тікелей сапалық ерекшеліктерін айқындаймыз. Жүйелеу, ақпараттық - семиотикалық тәсілдерді қолдана отырып, сыртқы құрылымымен қатар музейдің концептуалды моделін анықтаймыз. Жүйелеу әдісінде құрамы мен құрылымы, мақсатты функциясын, пайда болу себептері, қалыптасуы мен эволюциясы анықталады. Ақпараттық-семиотикалық тәсіл музейдің бағытын анықтай отырып, музейдің қызметін жүзеге асыруда жинақтау, сақтау, үздіксіз ақпаратты беру арқылы мәдени мұраны әлеуметке жеткізу

құралы ретінде қарастыру, мұражайға келушілердің сұранысына қаншалықты жауап беретінін анықтаймыз. Екі тәсілді қатар қолдана отырып, кешенді салыстырмалы-аналитикалық талдау жүргізіледі.

Тәуелсіздіктің алдында 1989 жылы Қазақстанда 99 мұражай жұмыс жасады. Мұражайлар үшін статистикалық байқау объектілері мыналар болып саналады: мұражайлар саны, олардың алып жатқан көлемі мен экспонаттар мен қордағы қалпына келтіруді қажет ететін экспонаттар, музейге келушілер саны, дәрістер және мұражайдың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары. Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистикалық бюросының стратегиялық жоспалау мен реформалау агенттігінің ресми ақпараты бойынша 1995 жылдан музейлердің жұмысы мен қызмет көрсету бойынша санақ жүргізіліп, мәдениет құндылықтардың есептері жүргізілуде. 1995 жылы музейлердің саны 87 болса, 2019 жылы олардың саны 250 жетті. Келушілер саны 2500 мыңнан 6800 дейін өсті. 1996-2000 жылдар аралығында келушілердің саны күрт азайып, орташа 1800 адам, 2001 жылдан бастап мәдени-тарихи жәдігерлермен танысуға қызығушылық артқандығын байқауға болады [6].

2004-2006 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы барысында іс-шаралар кешені жүзеге асырылып, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерінің ашылуы, маңызды тарихи-мәдени объектілерді консервациялау, реставрациялау және реконструкциялау нәтижесінде елдің мәдени қазынасы толықтырылды. Мәдени мұра бағдарламасына дейін елімізде 147 музей жұмыс жасады [7, 68 б]. Мәдени мұра бағдарламасының жүйелі жұмыс жасау барысында музейлердің қоры толықтырылып, музейден тыс жерде көрмелер ұйымдастыру, сандық форматта көрсету көрсеткіштері өсті. Мысалы, 2019 жылы Нұр – Сұлтан қаласының музейлері шетелде 13 көрме ұйымдастырды [8, 16 б].

1997 жылы ресми түрде астананың Ақмолаға көшірілуі, оның әкімшілік, экономикалық, мәдени өмірін түбегейлі өзгертті. Бүгінгі күнде Нұр-Сұлтан қаласында тәуелсіздік жылдары музейлер қандай бағытта жұмыс жасайтынына тоқталамыз. 1980 жылы 2 қазанда тың игерудің 25 жылдығына орай Ақмола облыстық өнер музейі ашылды. Бүгінгі күнде ол қазіргі заманғы өнер музейі ретінде қызмет көрсетеді. Музей қорында 4000 мыңнан астам өнер туындылары жинақталған. Оның құрылымы: негізгі үш зал мен қосымша көрме залы. Музейде тоғыз ғылыми қызметкер Қазақстан, Ресей, Украина, Өзбекстан, Грузия, Армения, Латвия, Литва, Эстония және Тәжікстан суретшілерінің шығармаларымен жұмыс жасайды. Оның негізгі қызметімен қатар, балаларға арналған мектеп-студия жұмыс істейді. Қоғамдағы әлеуметтендіру жұмысын атқару мақсатында музей қаладан тыс жерлерде балабақша, мектептер мен әскери бөлімдерде жылжымалы көрме ұйымдастыру тәжірибесін бірнеше жыл бойы жүзеге асырып келуде. Бас бостандығынан айыру жазасына кесілгендерге абақтыда лекциялар оқиды, мастер – класс және шығармашылық кештер өткізеді. Музейдің мақсатты аудиториясы өнер саласында жүрген тұрақты келушілер, өнерлі жастар, суретпен айналысатын азаматтар келеді.

Үш арыстың бірі, ақиық ақын Сәкен Сейфуллинге арналған көлемді музейлердің бірі еліміздің бас қаласында 1988 жылы 21 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жарлығымен құрылды. Ғимарат XIX ғасырда, нақтырақ 1846 жылы көпес Казанцевтың бұйрығымен салынды. Музей ретінде ғимаратты таңдауы - ақынның 1920-1930 жылдары осы жерде газет редакциясында қызмет жасауымен тікелей байланысты [9]. Алғашында музей қорында 700 жәдігер болса, бүгінгі күнде оның саны 6000 жетті, 2900 негізгі қор және 3100 қосымша ғылыми жәдігерлер. 1998 жылы музейдің 10 жылдығына орай ғимарат пен экспозициялар қайта өңдеуден өтті. Музей қабырғасында ірі мәжілістер мен әдеби-музыкалық кештер өткізіледі. Ақынның шығармашылығы мен қоғамдағы қызметін ашатындай жәдігерлер, сол кездің рухын толықтай жеткізеді. Музей экспонаттары ақынның шығармашылығы мен қызметін зерттеуде ғылыми құндылығы жоғары.

2001 жылы тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын атап өткен кезеңде рухани кемелденудің, мәдени жаңғырудың бір үдерісі қаланың сол жағалауында 2 гектар аумағын қамтыған ашық аспан астында бірегей «Қазақстан картасы «Атамекен» музей кешені ашылған болатын. Бұндай кешен ТМД аумағында тек біздің елімізде ғана орналасқан. Әлемде бұндай этнокешеннің 20-ға жуық бар, солардың ерекшесі «Атамекен», себебі мәдени-әлеуметтік және өнеркәсіптік объектілермен қатар, ландшафт, флора мен фаунасын көлемді макеттері арқылы көрсетілген. Музейдің мақсатты аудиториясы шетел азаматтарына Қазақстанның кең байтақ, географиялық алуандылығымен баурап алатын мемлекетті көрсеті. Жыл сайын мұражайды 10 мыңға дейін шетел азаматтары көруге келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен Ақмола қаласы 1997 жылдың 10 желтоқсанынан Қазақстанның астанасы болып жариялануы, жаңа елорданың мәдени дамуына септігін тигізді. 2004 жылдың 28

тамызында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен мемлекеттік мекеме «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент музейі» құру туралы жарлығы шығып, 2005 жылдың наурыз айында Президенттің әкімшілік ғимаратында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент мұражайы алғашқы келушілерге есігін ашты. Мұражай қорының негізгі экспонаттары ҚР Тұңғыш Президентінің жеке мұрағаты мен заттарынан құралған. Бұл мұражайдың қызметін реттеуші орган ҚР Президент Әкімшілігі және музей жарғысында қызметкерлер саны 65-тен 40-дейін кеміді. Музей экспозициясында Н.Ә. Назарбаевтың жеке архивтік құжаттар, ғылыми еңбектер, кітаптар, марапаттар мен сыйлықтар, тәуелсіздігіміздің алғашқы қадамдарына қатысты тарихи еңбектер сақтаулы. Музей тізімінде 12400 сақтау бірліктері бар, оның 8000 мұражайдың негізгі қор экспонаттары. Музей бірнеше атаулы бөлмелерден құралған: Атамекен, Күміс зал, еліміздің спорттық жетістіктері, Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңіне арналған. Музейде XVIII-XIX ғасырда жазылған еңбектер, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің авторлық еңбектері сақтаулы. Музейдің мәжіліс залында ірі конференциялар, кездесулер жиі өтеді.

2014 жылы 3 шілде бас қаламыздың сол жағалауында Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы ашылды. Мұражай ғимараты архитектуралық масштабы жағынан қазірдің өзінде әлемдегі ең ірі 10 экспозицияның бірі. Оның көрме залы, жәдігерлерді сақтау қоры, жұмыс зертханасы барлығы 74 мың шаршы метр аумақты құрайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қорында Қазақстанның ежелгі дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі кезеңінен сыр шертетін жәдігерлер қоры жинақталған. Экспозициялардың басты жәдігері – Есік қаласынан табылған «Алтын адам». 147 мың шаршы метр алаңды алып жатқан көрме залдары жеті экспозицияға бөлінген:

➤ Ежелгі және ортағасыр тарихы залында тас дәуіріндегі еңбек құралдары мен тұрмыстық бұйымдар, қола және темір дәуірлерінде қолданылған заттары;

➤ Тарих залы XV-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихынан сыр шертеді. Ондағы жәдігерлер қазақ хандығының құрылуы мен дамуының негіздері, ұлт-азаттық көтерілістері туралы баяндалған;

➤ Алтын залда археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған еліміздегі ежелгі көшпелілердің бірегей алтын бұйымдары;

➤ Қазіргі заманғы өнер залында отандық және шетелдік суретшілердің ең таңдаулы шығармалары;

➤ Этнография залының экспозициялары қазақ халқының әртүрлі зергерлік бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен, тұрмыстық заттарымен толықтырылған.

➤ Тәуелсіз Қазақстан залында егемендік алғанда қабылданған маңызды құжаттар, тәуелсіздік жылдарындағы әртүрлі саладағы жетістіктер жөніндегі мағлұматтар жинақталған;

➤ Астана залында бас қаланың елорда ретіндегі қалыптасу, даму тарихын баяндайтын құжаттар, фотосуреттер, экспонаттар қойылған. Залдағы материалдар хроникалық-құжаттық тәртіппен беріліпті. Бұл көне дәуірлерден бастап, қазіргі заманға дейінгі қала тарихымен кеңінен танысуға мүмкіндік береді [10].

Музей заманауи сенсорлық дүңгіршектер, медиа-экрандар, жарықдиодты LED-техникалармен жабдықталған, Қазақстанды көне тарих пен мәдениетке бай ел ретінде дәріптеу мен насихаттауда өте маңызды. Музейдің мақсатты аудиториясына келетін болсақ, туған ел тарихына ерекше көзқараспен қарайтын, ұлттық материалдық құндылықтарға деген қызығушылығы жоғары азаматтар, мектеп пен студенттердің тобы келеді.

2015 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің тарихи-әскери музейі ашылды. Музей экспозициясының экспонаттары ежелгі дәуірден бастап осы күнге дейінгі әскери тарихы мен мәдениетінің ескерткіштері сақтаулы.

Нұр-Сұлтан қаласы музейлерінің қызметі, қоғам үшін қажеттілігін сандық көрсеткіштерді талдау арқылы анықтауға тура келеді. Статистикалық байқаудың критерийлері: мұражайлар саны, олардың алып жатқан көлемі, экспонаттар саны мен қордағы қалпына келтіруді қажет ететін экспонаттар, музейге келушілер саны, дәрістер және мұражайдың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары. 2014 жылы 24 қыркүйекте «ҚР мәдени саясатының тұжырымдамасы» жобасын жүзеге асыру бойынша 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы музейлерінің қорлары кеңінен қолжетімді, электрондық форматқа көшірілген және виртуалды кеңістікте ұсынылған. 6 музей толық техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген, 95566 экспонаты сандық форматқа көшіріліп, республика бойынша Шығыс Қазақстан (99221) облысынан кейінгі екінші орында [11, 16 б].

Нұр-Сұлтан қаласындағы мұражайлардың соңғы 5 жыл ішінде қызметі мен келушілер тарапынан сұранысын қандай деңгейде екендігін келесі кестеден көруге болады [12, 15 б] :

Кесте 1

	Келушілер саны	Балалар	Экскурсиялар	Дәрістер	Реставрац. қажет экспонат саны
2015 жыл	727,5	151	17615	284	3670
2019 жыл	832,9	273,6	35502	152	868

Кесте 2

2019 жылы қала музейлерінің көрме қызметі

	Көрме саны	Музей ішінде	Жеке қор басқа қорлардан тарту	Музей тыс жерде	Шет елде
2019 жыл	206	183	129/54	23	13

Сандық көрсеткіштер бойынша экскурсиялар саны 2 есе, келушілер саны да артқандығын байқаймыз. Музей қызметінде жеке қордан экспонаттарды тарту арқылы көрме ұйымдастыру барлық көрменің 30% құрап, жақсы көрсеткішке қол жеткізді.

Шетелде қазақстандық мәдениетті танымал ету шеңберінде соңғы бірнеше жыл бойы Мәдениет күндері форматындағы іс-шаралармен ТМД, Еуропа мен Азияның, Таяу Шығыстың жетекші елдерінде қамтылып келеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2019 жылғы 1 қаңтарға елімізде 250 музей тіркелген, оның алтауы Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс жасайды. Еліміздегі мұражай қорындағы экспонаттар көлемі бойынша Нұр-Сұлтан 7 орында тұрғанмен, келушілер саны бойынша 1 орында, 1000 адамға шаққанда 752 адам келеді.

ҚР Мәдениет туралы заңының қазақ тіліндегі редакциясына 2015 жылғы 28 қазанда жаңа өзгеріс енгізілді, заңдағы «мұражай» сөзін «музей» деп алмастырылды [13]. Соңғы статистикалық ақпарат бойынша елімізде 250 музей бар, оның 18 республикалық дәрежеде және барлығы мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Төрт жоғары оқу орыны «Музей ісі» мамандарын дайындайды, музей мәдениеті көтерілген кезеңде мемлекет үшін аз, әрі салада кәсіби бағдарланған мамандардың жетіспеушілігі байқалады. ҚР мәдениет тұжырымдамасында қазіргі заманғы әлемде музей - бұл ғылым, білім, коммуникация, мәдени ақпарат пен шығармашылық инновациялар орталығы. Қойылған мақсатқа жетуде қорлардың материалдық-техникалық базасын нығайту, электронды форматқа көшіру мақсаты қойылды. Тұжырымдаманы іске асыру үшін 2 кезең қарастырылған:

1 кезең 2015-2019 жылдар

2 кезең 2020-2030 жылдар

Жастар арасында музей қызметін насихаттауда «Музейдегі түн» акциясы жобаланып, өткізілді [14]. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жанында арнайы «Музей ісі бойынша көркемдік кеңес» құрылуы, ел музейлерінің жұмысын үйлестіруге, музейлер желісін нығайтуға, негізгі музей қорларын танымал ету және кеңінен таныстыру жүйесін ықпалдастыққа жәрдемдеседі [15]. Әлемнің озық музейлерінің концептуалдық, архитектуралық негіздемесіне сүйене отырып, ұлттық мәдени кодты сақтай отырып қызметін атқарады.

Қорыта келе, Нұр-Сұлтан қаласындағы 6 музейдің 4-і тәуелсіздік жылдары салынды. Олар өз алдына мақсат етіп қойған ғылыми-ағартушылық, тарихи-мәдени мұраларды сақтаушы, насихаттаушы міндетті, қоғамның мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру және ірі туристік орталық мақсаттарын іске асыруда. Күрделі көпфункционалды жүйе ретінде бүгінгі күнде мәдени тұжырымдамаға сай Лувр, Эрмитаж, Лондон музейлерінен кем емес деңгейге жетуді көздейді. Саяси, әлеуметтік мәдени және экономикалық аспектілерін біріктіре отырып:

1. Қазақстандық музейлер әлеуметтік-мәдени институт ретінде тарихи және мәдени ақиқатты насихаттауды көздейді;

2. Мәдениетті коммерциализациялау мен виртуалдау арқылы, заманауи қоғамның сұранысына жауап беруде;

3. Музей қызметінде экономикалық аспектілердің қиылысуын байқауға болады: әлеуметтік тапсырыс пен кәсіпкерлік, мемлекеттік саясат пен мұражайлар желісінің өзіндік даму концепциясын құру арқылы, туристер үшін тартымды болу шарт.

4. Музейлер менеджментінде Еуропаның озық үлгілерін қолдану жолға қойылған.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. А., 1993, 1416
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. 12 сәуір 2017ж. // <https://www.akorda.kz/>

3. Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңы 15 желтоқсан 2006ж. // <https://online.zakon.kz/>
4. Кроуфорд М.Д. Законодательные акты советского государства как источник изучения музейного менеджмента // Вестник Томский государственный университет. 2018 г. №29.
5. Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для Высшей школы. 2-ое издание. 2004 г. - 469 с.
6. Наличие учреждения культуры динамическая таблица//Электронная статистика Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан период 1995-2019 гг. <https://stat.gov.kz/>
7. Ермагамбетова К.С. Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация – А., 2019. 151 б
8. ҚР мәдениеті бойынша Статистикалық жинақ 2015-2019. Нұр-сұлтан 2020 ж. - 70 б
9. Майсейтова А. Дом, который помнит Сакена // Казахстанская правда газета. 18 октября 2018 г.
10. Тоқтамұрат Қ. Ұлттық Музей-Қазақстан тарихының жылнамасы // Астана ақшамы. 2014ж.
11. ҚР мәдениеті бойынша Статистикалық жинақ 2015-2019. Нұр-сұлтан 2020ж. - 70 б.
12. ҚР мәдениеті бойынша Статистикалық жинақ 2015-2019. Нұр-сұлтан 2020ж. - 70 б.
13. ҚР Мәдениет туралы заңы ескерту 28.10.2015 жылы №368V // <https://adilet.zan.kz/>
14. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының тұжырымдамасы 4 қараша 2014 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000998>
15. Қ.Үсемханұлы. Музей ісіне жаңа көзқарас // Астана ақшамы. 24 қараша 2020 ж.

ХІХ ҒАСЫР СОҢЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ («ДАЛА УӘЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мәшімбаева Г.С., т.ғ.к., аға оқытушы

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті
Орал қ., Қазақстан

ХІХ ғасырдың соңында әлемнің бірқатар елдері отарға айналды. Үстем державалар өзге мемлекеттерді жаулау мен рухани отарлау шараларын қатар жүргізді. Өзтілін, дінін, білім беру жүйесінхалық арасында насихаттап, күштеп енгізіп, соңғылардың ұлттық құндылықтарын жою мен аккумуляция үдерісі қатар жүрді. Ресейдің шеткері аймағын мекендейтін халыққа айналған қазақтар үшін де ауыр жағдай қалыптасты.

Мақаланы жазуда жалпы әдіснамалық бағыттар, теориялық мектептердегі деректерге талдау жасау, бағалау басшылыққа алынды. Сонымен бірге тарихи салыстырмалық, жүйелік-құрылымдық хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи тәсілдері қолданылып, жүйелеу принциптері арқылы зерделенді. Басты принциптер талдау, қорыту болғанын атап өтуіміз керек.

Білім беру, ағартушылық пәнаралық мәселе ретінде, бірқатар ғылым салаларын қамтыды. Дегенмен, әр ғылым саласы бұл тақырып шеңберінде зерттеу нысанын, пәнін анықтады. Ағартушылықтың даму тарихы, қоғамға ықпалы, оның саясиленуі, мерзімді баспасөз беттерінде талдануы тарихшы ғалымдардың да зерттеу тақырыбына айналды.

М.А. Барғ өркениеттің қоғамдағы рөлі жайлы «Барлық уақытта - адамзаттың өркениетке көшуінен бастап-тарихи сана мәдениеттің құрылымдық элементі болды. Өйткені әр дәуірде кеңістік пен уақыт призмасы арқылы қарастырылатын қоғам туралы әлем мен адамның орны туралы басым идеялар көрініс тапты» деген болатын [1, 3 б.]. ХІХ ғасырдағы отарланушы елдер мысалында «өркениет» саналған жат мәдениетті қабылдату, жекелеген халықтардың ұлттық болмысын жою арқылы жүзеге асты.

Рухани құндылықтар мәселесінде отандық ғалым М.Х. Абусейтова халықтардың өзара қарым-қатынасын зерделеудегі әдіснамалық көптірлілікті айта келіп: «Мәдени өзара іс-қимыл феноменін талдау әртүрлі халықтар жасаған мәдени құндылықтардың теңдігі тұрғысынан жүргізілуі керек» деп есептейді [2, 10 б.]. Қазақ даласындағы өзгерістер бүкіләлем тарихының құрамдас бөлігі ретінде, қарым-қатынастағы көрші мемлекет және халықтармен байланыста зерттелуі керек. Егер де ортаазиялық ұлыстар қазақтар сияқты отарлану үдерісін басынан өткізсе, патшалық Ресей отарлаушы ел ретінде өз «миссиясын» атқарды.

ХІХ ғасырдың соңында қазақ даласында еуропа мәдениетімен, білім беру жүйесімен таныс ұлттық зиялы қауым өкілдері қалыптасты. Ұлттық фәлсафа, болмыс пен халықтық білімді сіңірген